Сауран ауданы, Жүйнек ауылдық округі қоғамдық кеңес жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Жүйнек ауылы **«____»_____ 2025 жыл**

Өткізілген орны: Жүйнек ауылдық округ әкімінің аппараты

Жиналыс төрағасы: Ж.Досманов
Жиналыс хатшысы: Б.Мырзашев

Қатысқандар:

Жүйнек ауылдық округі әкімі Абдікарімов Торебай, ауыл әкімінің орынбасары Әмзеев Нұрлан, бас мамандар Гулматов Ойбек, бас маман Қошқарова Гүлжан, Жүйнек ауылдық қоғамдық кеңестің мүшелері: Досманов Жубан, Кунусбаев Серик, Абдуллаев Саиджан, Рустемов Марат, Аширбеков Ерлан, Асенов Бексултан, Омирбаев Абдулла, Ибрагимов Султанмурадтар қатысты.
Жиналысқа өзге адамдар қатысқан жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

Жүйнек ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелеріне көше көрсететін бағыттағыш белгілердің (аншлагтардың) және тұрғын үйлерге көше атауы мен нөмірлерін орнату туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.Досманов сөз алып, Жүйнек ауылдық округіне қарасты Жүйнек, Шыпан және Шекербұлақ елді мекендерінің көшелерінде көше атауларын көрсететін бағыттағыш белгілердің (аншлагтардың), сондай-ақ тұрғын үйлердің көше атауы мен нөмірлері көрсетілген тақтайшалардың жеткіліксіз, ал кейбір көшелерде мүлдем орнатылмаған. Осыған байланысты тұрғындар мен келушілерге мекенжайларды оңай анықтау, жедел жәрдем, өрт сөндіру, полиция және басқа да шұғыл қызметтердің жұмысын жеңілдету мақсатында аталған елді мекендердің көшелеріне көше атауларын көрсететін бағыттағыш белгілерді (аншлагтарды), сондай-ақ тұрғын үйлерге көше атауы мен нөмірі жазылған тақтайшаларды орнату қажет екенін атап өтіп, бұл мәселені кейінге қалдырмай, тиісті шараларды шұғыл түрде ұйымдастыруды ауыл әкіміне ұсынды.

Ауыл әкімі Т.Абдікарімов жауап сөзінде, 2025 жылы аталған Жүйнек ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелеріне көше көрсететін бағыттағыш белгілердің (аншлагтардың) және тұрғын үйлерге көше атауы мен нөмірлерін орнату үшін жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып, бюджеттік өтінім беріліп, қазіргі таңда қаржы қаралғанын мәлімдеді.

Қоғамдық кеңес мүшесі Е.Аширбеков сөз алып, бөлінген қаржы бойынша баға ұсыныстарын сұрату арқылы конкурс өткізу процесі біраз уақыт алатынын, бұл аралықта тұрғындар арасында наразылық туындауы

мүмкін екенін айтты. Осыған байланысты, ол «бір дереккөзден тікелей шарт» тетігін пайдаланып, тиісті жұмыстарды шұғыл бастау жөнінде ұсыныс білдірді.

Ауыл әкімі Т.Абдікарімов бұл ұсынысты қолдап, «тікелей шарт» негізіндегі келісімшарт жасау шарттарын нақтылап, оның заң аясында жүзеге асырылуын бас маман Г.Қошқароваға жүктеді.

Барлық қоғамдық кеңес мүшелері төраға Ж.Досмановтың ұсынысын бірауыздан қолдады.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:

1. Жүйнек ауылдық округіне бюджеттен бөлінген қаражатты заңнамада көзделген «бір дереккөзден тікелей шарт» негізінде пайдаланып, Жүйнек ауылдық округіне қарасты елді мекендердің көшелеріне көше көрсететін бағыттағыш белгілердің (аншлагтардың) және тұрғын үйлерге көше атауы мен нөмірлерін орнату жұмыстарын тез арада ұйымдастыру тапсырылсын.
2. Жұмыстардың орындалуын үйлестіру Жүйнек ауылдық округі әкімінің аппаратына жүктелсін.

Жиналыс төрағасы **Ж.Досманов**

Жиналыс хатшысы **Б.Мырзашев**